

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 97-100.

ӘОЖ 94

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ГУМАНДЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Еспол А.Б.,
«Астана Медицина Университеті» КеАҚ, 1-ші курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Карбозов А.Е., магистр, аға оқытушы
Астана қ.*

Аннотация: Мақалада қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ даласында оқу-ағарту ісін тұңғыш қолға алған қазақ зиялыларының көшбасшысы, ілім-білімнің қалыптасып, дамуына үлес қосқан тарихи тұлға – Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық еңбектері ғылыми тұрғыда сараланып, талданады. Ыбырай шығармаларындағы гуманизм мәселелеріне теориялық, әлеуметтік, тарихи, әдеби психологиялық, әлеуметтік жағынан сараптама жасалып, дәстүр арқылы гуманизм білім мен тәрбие арқылы адамның жетілу жүйесінен көрінетіндігі айтылады.

Кілт сөздер: педагогика, білім, тәрбие, мектеп, этнопедагогика, тарих, ағартушылық.

Қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялыларының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, сөйтіп халықигілігі үшін жан алмай еңбек етудің үлгісін көрсеткен. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-демократ– Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үңілген ағартушы – ұстаз [1].

Ыбырай Алтынсарин «Қырғыз хрестоматиясы» кіріспе мақаласында былай деп жазады: «...Азиялық тілдердің ешқайсысында жалпы білім беретін мазмұндағы кітаптар жоқтың қасы, біз осыған ұқсас оқулықтарды жақын орыс тілінен іздеуге мәжбүрміз. Нәтижесінде біз бұл антологияны оның мақсатына тікелей сәйкес болатындай етіп, яғни соңғысына қайшы келместен, көп білімді және жалпыға пайдалы кітаптарға тікелей басшылық ететіндей орыс әріптерімен басып шығаруды ыңғайлы деп санадық». Міне, осылайша ағартушы кітап пен оқулықтардың маңыздылығына мән берді, оған үлкен жауапкершілікпен қарады.

Ы.Алтынсарин өз шығармаларында, ең алдымен, халықтық тәрбиенің маңыздылығын насихаттады, әлемді білім арқылы тану керектігін түсіндірді. Ыбырай кезіндегі білімнің қажеттілігі дәлелденуі керек еді. Тек мектеп ашып қана қоймай, оқушыларды жинақтау да қиынға соқты. Ол барлық қиындыққа қарсы тұрып, балаларға арналған өлеңдерімен жастарды, халықты оқуға шақырды. Олардың ішіндегі ең атақтысы - «Кел, балалар, оқылық!» еді [2]. Онда ғылымның, білімнің адам өміріндегі пайдасы туралы айтылады және бұл өлең қазіргі Тәуелсіз Қазақстан балаларын да оқу-білімге шақыру мақсатында, оқулықтарда беріліп, кеңінен таралып жүр. Бұл Ы.Алтынсариннің арманы орындалғанын көрсетеді. Қазір біздің білім алуымызға барлық жағдайдың жасалғаны қандай қиындықтармен келгенін ұмытпауымыз керек деп есептеймін!

Қазақ елі Ыбырай Алтынсаринді қазақ педагогикасының негізін салушы, прозаик және ақын деп қана білмей, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы деп те таниды. Ыбырай – қазақ балаларын, жалпы қазақ ұрпағын сауатты әрі білімді болуын қалаған адам. Алтынсарин ұлттың бала тәрбиесінде өз халқының тұрмысы мен өмірінің тарихи ұлттық ерекшелігіне сәйкес келу идеясын ұсынған. Сонымен қатар, ол қазақтың жарқын болашағына асқан үмітпен қарады. Ыбырай болыс мектептеріндегі бірінші бөлімнің оқыту бағдарламасының әрбір ауыл мектептерінде болуын қалады және соған қол жеткізе алды. Нартырақ айта кетсек, ол қазақ қоғамының сауатын ашу тек бастауыш деңгейінен қалып қоймау керектігін алға тартқан [3].

Қазақтың ұлы ағартушы педагогы мектеп ашқаннан кейін, оқытуға қажетті оқу құралдарының қажет боларын да назарға алған. Сол себепті Ы. Алтынсарин Ушинский, Паульсон, Водовозов, Бунаков тәрізді педагогтардың әліппе, оқулықтарын негізге ала отырып, қазақ балаларына арнап "Оқу құралын" жазады. Одан бөлек ол әдістемелік мәні бар "Семья мен мектеп", "Халық мектебі" журналдары мен қолөнері үшін қажетті Гестерманның техникалық жинағын физика, химия кабинеттері үшін құрал-жабдықтар алдыруға 600 сом жинаған.

Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және ой еңбегіне үйретуге тиіс, олардың білімге және орыс тілін білуге ынтасын мейлінше арттыруға тиіс [4].

Қазақ мектептеріне байланысты дидактикалық міндеттерді қоя білу және орындау саласында Алтынсарин үлкен табысқа жетті. Ол мектепте ұйымшылдық және тәртіп орнатып, оқу процесінде қатаң режим және оқушылар арасында тәртіп болуын талап етті. Алтынсариннің міндеттері мұғалімнің туралы нұсқаулары- оларға қалай оқыту керектігі, оқушылармен болатын байланыс, олардың қалай оқу керектігі- оның өз заманындағы методиканы терең және жан- жақты білгенін көрсетеді. Ауызша әңгіменің ойлау мен жазбаша жаттығулардың көптеген әдістері туралы түсіндірмесінде

ол балалардың әрбір еңбегінің құр босқа ойсыз жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек екенін жазды. Әрі қарай ол балаларды тәрбиелеуде үстіртін және мардымсыз түсініктердің, шалағайлықтың болмауы керектігінескертті. Ол нашар оқыту мен нашар қарым- қатынас балалардың басын қатырып, шатастыратын ал, керісінше балалар сергек, олармен қарым- қатынас неғұрлым жақсы оқушылардың көңіл- күйіне әсер неғұрлым көп болса, сабақ соғұрлым табысты болатынын нақтылы мысалдар арқылы түсіндірді [5].

Алтынсарин қандай да болмасын оқулықтардың құнды жақтарын меңгеріп, оларды қазақ мектептерінде пайдалануға бар күштерін салды. Қазақтың тұңғыш педагогтарының бірі болған ол Ушинскийдің кітаптарын өте жоғары бағалады. Оның « Балалар әлемін алғаш рет баспадан шыққан кезінде – ақ, ол оны өзінің оқытушылық жұмысында пайдалануға асықты. Оның пікірі бойынша бұл оқулық әсіресе орыс емес балаларды оқытуға арналған деп тапты.

Оқу методтары мен балаларды оқыту тәсілдерін Ы. Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін. а) оқыту методтары- балалардың жүре келе мектепке, сабаққа кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол ә) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Бұл көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалануға көмегін тигізеді: заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қортындылар жасау. Сондықтан да балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптаса бастайды.

Ыбырай Алтынсарин балаларға сабақты қызықты, тартымды әрі түсінікті етіп беруші еді. Мәселен діни мектептерде молдалардан сабақ алған балалар бір жыл ішінде әзер хат таныса, Ыбырайдың алдынан оқыған шәкірттер небәрі үш айдың ішінде хат танитын болды [6].

Оқу- тәрбие процесін ұйымдастыруда ол дүние жүзі педагогика классиктері Я. А. Коменский, Ж.Ж.Руссо, К. Д.Ушинский, Л.Н.Толстой гуманистік идеяларын басшылыққа алды, оларды қазақ даласына енгізетін тұңғыш педагог болды.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіл әлемдік тәлім тәрбиенің алтын діндегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің екі кластық мектептерінің меңгерушілеріне жазған нұсқау хатында ол «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай және жұмсақ сөйлесуі және шыдамдылық етуі тиіс, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да жалықтырып жібереді... Оқушыларды бағалағанда олардың іске мәнді қатнасы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың біліміне қарап бағалау керек», деп жазған еді, ал Н. И. Ильминскийге жазған бір

хатында: «...мен балаларды жазалауды сүйетін қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсең балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың» - десе, «Жеміс ағаштары» атты әңгімесінде «тәрбиеде үлкен мән бар, ақыл кеңесті алмасаң анау тұрған үлкен ағашқа, қисық ағашқа ұқсап өсесің әдеп әке баласына берген ақыл ғибратын келтіру арқылы тәрбие жөніндегі көзқарасын білдіреді. Алтынсариннің мектептегі татарша діни жаттамалы оқудың орнына балаларды ана тілінде оқытуға ерекше мән берді, олардың халықтық дәстүр, аңыз әңгіме, мақал- мәтел негізінде оқытып тәрбиелеуге ерекше назар аударып, өз хрестоматиясына халық ауыз әдебиетінің материалдарына тапайтқан да жастарды ерлікке, өнерге жақсы адамгершілік қасиаттерге баулитын асыл үлгілерін көптеп енгізеді.

Ы. Алтынсариннің демократиялық- ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми- әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден шығармаларында қазақ халқының ХІХ ғасырдағы қоғамдық өмірінде, болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға, зиянды іс-әрекеттен, ұрлық зорлық жатып ішер жалқаулық сияқты жаман әдет жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырады.

Қазақ халқының келешегі тек өнер білім де деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл, кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатына жете білді. Ол қазақ даласында татар молдалары таратқан діни оқуға, сондай-ақ патша өкіметінің отарлау саясатына негізделген христиан дінін таратуға қарсы болды.

Оқу ағарту ісін ұйымдастыруда үнемі патша әкімдерінен кедергілеріне ұшыраған Ыбырай өзінің Н. И. Ильинский 1881 жылы қарашаның 4-де жазған хатында: «Қазақ халқы оқу-білімге сусап отырған халық әттең, бұл іске оқығанадаидардың ғана жаны ашымайтыны есіңе түскенде күйінесің. Бұл жағынан алып қарағанда, кейде жылы сөзге ынтызар жетім бала сияқтымыз. Қандай қиыншылықтарға кездесек те, біз әйтеуір, өз ойымызды орындап келеміз» деп ренжіді [7].

Алтынсарин - Қазақстанда педагогика білімінің негізін құрады. Мектеп –қашан да маман және дайындығы мол мұғалімдер болғанда ғана мектеп бола алатынын айтты. Сол уақытта қазақ мектептерінде қанағаттанарлық түрде тіл мәселесін шешуді Алтынсариннің зор еңбегіне санау керек. Алтынсарин қазақ балаларына орыс тілін оқыту құралын құрастырғанда қатаң тәртіпке келтірілген алғашқы лексикалық, фразеологиялық және грамматикалық материал беру арқылы балалар жұмысын барынша жеңілдетуге тырысты. Мұғалімнің ролі материалдарды есте сақтау, есіту дұрыс сөйлеуге дағдылануда ерекше орыналады. Торғай облысында ғана қызмет атқарған Алтынсариннің мектеп системасы соңғы жылдарда (Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін) басқа облыстарда да: Орал,

Семей, Ақмола, Бөкей ордасында, ал XX ғасырдың бірінші он жылында-Сырдария, Жетісу облыстарында тарады.

Қазақ мектептерін ұйымдастырудың алғашқы тәжірибесі орасан зор қиыншылықтар мен бөгеттерге кездесті. Істі неден, қалай бастау керек, мұғалімдерді қалайдайындау керек, мектеп етерді оқулықтар мен және оқу құралдарымен қаклай қамтамасыз ету керек- міне, осының бәрі орасан және қиын мәселееді, бұл мәселеде миссионерлер мен мұсылман діни адамдардың барлық жердегі кедергілерін жеңу керек болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Алтынсарин Ы. «Қырғыз хрестоматиясы» [Текст]: Алтынсарин Ы.// – Алматы: Білім, 2003 – 112 б.
- 2 Қоңыратбай Т.Ә. «Ы.Алтынсарин – қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері» [Текст]: Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы Том І. // – Алматы: «Қазығұрт», 2003 – 240 б.
- 3 Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том: Өлеңдер. Этнографиялық еңбектер [Text]: Ғылыми-әдістемелік шығармалар // Алтынсарин Ы. – Алма-Аты, 2003.
- 4 Knowles, M.S., Holton III, E.E., Swanson, R.A. The Adult Learner: The Definitive Classic in Adult Education and Human Resource Development [Text]: – 6th edition. – London, New York, etc.: ELSEVIER Butterworth Heinemann, 2005. – 378 p.
- 5 Ekrem Ayan; Çağdaş Kazak Edebiyatının Kurucusu İbray Altınсарин Hayatı ve Eserleri [Text]/ International Periodical for the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, -2009. -Volume 4/8. -P.515
- 6 Ыбырай Алтынсарин тағлымы [Текст]: Құраст.: Жармұхамедов М. – Алматы, 1991.
- 7 Ы.Алтынсариннің педагогикалық ой пікірлері– [https:// baribar.kz/student/11754/yaltynsarinninh-pedagogikalyq-oy-pikirleri/](https://baribar.kz/student/11754/yaltynsarinninh-pedagogikalyq-oy-pikirleri/).